



## Бірлескен кәсіпорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 12 желтоқсан N 562-Ә

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, "ЗИЛ" МАҚ, Ресей Федерациясы Росконверсаэрокосмосының "Целинсельмаш" АҚ базасында ЗИЛ автомобилі шасси негізінде түрлі үлгілердегі жүк автомобилдерін шығару, босалқы бөлшектердің консигнациялық қоймалары, аймақтық сервистік қызмет

көрсету пункттері мен көрме орталығы жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. Бірлескен кәсіпорынды құру, оны қаржыландыру көздері мен сызбаларын пысықтау үшін мына құрамда ресей тарапымен бірлесе отырып жұмыс тобы құрылсын:

Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі

Браков Е.А. - "ЗИЛ" МАҚ бас директорының орынбасары, жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары (келісім бойынша)

Мусаелян Р.Н. - Ресей аэроғарыш кешенін конверсиялау орталығының президенті, жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары (келісім бойынша)

Шевелев В.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары, жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары

Жұмыс тобының мүшелері:

Әлиғожанов С.Қ. - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің бірінші

орынбасары

Андрющенко А.И. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің  
орынбасары

Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
орынбасары

Нұргалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің  
орынбасары

Тілеуов С.С. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрінің орынбасары

Смирнов А.В. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті  
басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті  
төрағасының орынбасары

Дуберман Ю.Е. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру  
жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының  
орынбасары

Смағұлов Н.Е. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
азық-түлік контракт корпорациясының  
президенті

Агупов А.А. - Ресей аэроғарыш кешенін конверсиялау  
орталығы жобасының директоры

Барбасов М.Ә. - Қазақстан Республикасының Үкіметі  
Аппаратының жауапты қызметкери

Саметова З.Д. - Қазақстан Республикасының Үкіметі  
Аппаратының жауапты қызметкери

Қанахин А.Ә. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп  
және сауда министрлігі машина жасау және  
жұмылдыру даярлығы бас басқармасының  
бастығы

Жақсыбеков А.Р. - Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары

Сұлейменов М.Ф. - "Сельхозмаш" АҚ президенті

Жақыпов М.К. - "Целинсельмаш" АҚ президенті

2. Жұмыс тобы 10 күн мерзімде Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне Қазақстан мен Ресей Федерациясы аумақтарында лизингті, вексель айналысы, бағалы қағаздарды пайдалануды ұйымдастыруды көздей отырып құрылатын бірлескен кәсіпорынның қызметін қаржыландыру тетігі жөнінде ұсыныс тапсырын.

3. "ЗИЛ" МАҚ дайындығын назарға ала отырып құрылатын бірлескен кәсіпорынга алғашқы шасси қоюды алдын ала төлем жасау шартынсыз жүзеге асырын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп Ресей аэроғарыш кешенін конверсиялау орталығымен Қазақстан Республикасының аумағында желмен жұмыс істейтін энергия құрылғыларын құру мүмкіндіктерін пысықтасын және бір ай мерзімде Үкіметке тиісті ұсыныс енгізсін.

5. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Минistrінің орынбасары Д.Т. Дүйсеновке жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК